




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ
ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ

**AQR 2023:
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ТАЛДАУ**

Алматы
2024 жыл

НЕГІЗГІ АҚПАРАТ



ЕСЕП ТУРАЛЫ

Бұл есеп Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүргізген 2023 жылғы тұрақты AQR шеңберінде талданған қарыз алушы жеке тұлғалар туралы деректердің жан-жақты гендерлік-жас талдауы болып табылады. Бұл Агенттіктің осындай талдамалық ақпаратты екінші рет жариялауы, осыған ұқсас деректер алғаш рет 2022 жылғы тұрақты AQR есебінде берілді.

Тұрақты AQR мақсаты - банк секторының кредит тәуекелін және оны өтеу үшін банк резервтерінің барабарлығын бағалау. Банктер беретін деректер кредиттік құнсыздану сатысы, дефолт ықтималдығы (PD) және дефолт жағдайындағы шығындар деңгейі (LGD) сияқты кредит тәуекелінің жалпы қабылданған аспектілерін бағалауға мүмкіндік беріп қана қоймай, қарыз алушылардың гендерлік және жас санаттарында негізделген мінез-құлық сипаттамаларын талдауға мүмкіндік береді.

Бұл есеп 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің белсенді кредиттік портфельдері туралы ақпарат негізінде, сондай-ақ LGD есептеу үшін қажетті 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтар аралығындағы кезеңде бастапқы дефолттар мен есептен шығару бойынша статистика негізінде әзірленді. Зерттеуде RETEST – ипотекалық кредиттер, RETCON – кепілсіз тұтынушылық кредиттер және RETCAR – автокредиттер және жеке тұлғалардың басқа да қамтамасыз етілген кредиттер портфельдері қарастырылды. 2023 жылғы AQR шеңберінде RETCON портфелінің жалпы берешегі 6,9 трлн. теңгені құрады, ал RETCAR және RETEST үшін ол әрқайсысы 1,6 трлн. теңгеге тең болды. RETEST портфелін талдауда 2023 жылғы тұрақты AQR Қазақстандағы ипотекалық бағдарламалардың бас операторы болып табылатын «Отбасы банк» АҚ-ды қамтымағанын ескеру қажет.

ӘДІСНАМА ЖӘНЕ ҚАМТУ

Бұл талдау жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) қарыз алушы жеке тұлғалардың жасы мен гендерлік тиесілігі туралы деректерді көрсетеді деген болжамға негізделген. Зерттеуге RETEST, RETCAR және RETCON портфельдері шеңберінде жеке тұлғалардың барлық кредиті енгізілді. Талдаудан ЖСН-і жоқ немесе ЖСН-і қарыз алушыны гендері мен жасы бойынша сәйкестендіруге мүмкіндік бермеген қарыздар алып тасталды. Талданып отырған кредиттік портфель жалпы берешегі 10 трлн. теңгені (AQR 2022-ге қарағанда 3,3 трлн. теңгеге артық) құрайтын 6,9 млн. (AQR 2022-ге қарағанда 0,9 млн-ға артық) қарыз алушыны қамтыды.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2023 жылдың басында Қазақстан Республикасының 18 жастан асқан халық саны 13,0 млн. адамды құрады. Осылайша, осы талдаудың аясына 18 жастан асқан халықтың шамамен 53%-ы кіреді. Дефолттар статистикасында қарыз алушы-жеке тұлғалардың 52%-ы ер адамдар, 48%-ы әйелдер, бұл ретте ер адамдар 5 жыл ішінде дефолтқа түскен қарыздар EAD-сінің (DEFAULT EAD) 59%-ын құрайды.

НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Талдау барысында ерлерге берілген қарыздардың арасында жинақталған кредиттік шығындардың үлесі (3-саты) 10,3%-ды құрайтыны анықталды, ал әйелдерге берілген қарыздар үшін бұл көрсеткіш 7,8%-ға тең. Демек, 3-сатыдағы қарыздардың үлесі арқылы бағаланатын кредит сапасы ерлерге қарағанда әйелдерде жоғары. RETEST портфелінде ерлер қарыздары арасындағы 2 және 3-сатылардағы EAD үлесі әйелдер қарыздары арасындағы ұқсас көрсеткіштен 4 пайыздық тармаққа артық, бұл ретте ерлер арасындағы 1-саты үлесі 8 пайыздық тармаққа төмен.

1982-2000 жылдар аралығында туылған адамдар (миллениалдар) 2023 жылғы тұрақты AQR шеңберінде жеке қарыз алушылардың көпшілігін құрайды. Миллениалдардың жалпы кредит сапасы басқа ұрпақтарға қарағанда жақсы болды.

Дефолттар мен есептен шығару статистикасында ер адамдар дефолт кезіндегі EAD саны жағынан да, көлемі бойынша (DEFAULT EAD) да және тиісті дисконтталған өтеулер бойынша да басым. RETEST портфеліндегі DEFAULT EAD орташа көрсеткіші әйелдерде ерлерге қарағанда сәл жоғары, ал басқа портфельдерде ер адамдар әйелдерге қарағанда орташа алғанда дефолтқа жоғары берешекпен ұшырайды.

Кепілді қарыздар бойынша дефолттар статистикасында X ұрпағының (1963-1981 ж.т.) қарыз алушылары, ал кепілсіз қарыздар бойынша миллениалдар, әсіресе ер адамдар басым. Бэби-бумерлер (1943-1962 ж.т.) арасындағы дефолттардың ең көп үлесі RETCON портфелінде әйел қарыз алушылар арасында тіркелген.


Кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша дефолттың алғашқы жағдайлары жас Z ұрпақ (2001-2005 ж.т.) ер адамдарының арасында тіркелді, дегенмен олардың үлесі әлі де аз.

Осы демографиялық талдаудың нәтижелері қолданыстағы қарыздар портфелінен бастап LGD статистикасына дейінгі есепте берілген. Тұрақты AQR-ға қатысушы банктердегі кредит тәуекелінің деңгейін толық түсіну үшін Агенттік «Тұрақты AQR 2023 есебімен» де танысуға кеңес береді.

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ


ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ Өткен жылдағыдай, RETEST портфеліндегі EAD-ның гендерлік таралуы біркелкі. Алайда, қарыздардың басқа санаттарында ер адамдар кепілдік қамтамасыз етуі бар қарыздарды таңдайды, ал әйелдер кепілсіз кредиттерді қалайды.

Қарыз алушыларды және EAD-ны гендерлік белгісі бойынша бөлуі




Қарыз алушылардың негізгі саны миллениалдармен ұсынылған. Бұл факт ер-қарыз алушылар арасында айқынырақ. Сонымен қатар, үш портфельдің ең үлкені (RETCON) бойынша бэби-бумерлердің, әсіресе әйел-қарыз алушылардың, салыстырмалы түрде жоғары үлесі байқалады, бұл әйелдердің өмір сүру ұзақтығының ұзағырақ болуымен түсіндіріледі. Алайда, өткен жылмен салыстырғанда бэби-бумерлердің үлесі барлық портфельдер бойынша азайды.

EAD-ны гендерлік белгісі және ұрпақтар бойынша бөлуі




Ерлердің қарыздары бойынша 3-сатыдағы EAD үлесі 10,3%-ды, әйелдердің қарыздары бойынша – 7,8%-ды құрайды. Әйелдер алған кредиттердің кредиттік сапасы барлық портфельдер бойынша жоғары. RETEST портфелі бойынша ерлердің қарыздары арасында 2 және 3-сатыдағы EAD үлесі әйелдердің қарыздарына қарағанда 4 п.т. жоғары, бұл ретте ерлер арасындағы 1-сатының үлесі 8 п.т. төмен.

Берешекті гендерлік белгісі және кредиттік құнсыздану сатылары бойынша бөлуі



EAD-ның 3-сатысын ұрпақтар мен гендерлік таралуы бойынша бөлуі бэби-бумерлер ұрпағы қарыз алушыларының кредиттік сапасы ең төмен болып қала беретінін көрсетеді. RETEST портфелі бойынша жалпы берешектің аз мөлшердегі үлесін құрай отырып, бэби-бумерлер ерлер бойынша да, әйелдер бойынша да 3-сатыда сәйкесінше – 15,6% және 13,2%-ды құрайтын айтарлықтай үлеске ие. RETEST портфелінің 3-сатысы негізінен X ұрпағының қарыз алушыларынан тұрады, мұнда 61,7% – әйелдер, 69,7% – ерлер. Осылайша, ипотекалық кредиттер бойынша ең сенімді қарыз алушылар миллениум-қарыз алушылар болып қала береді.

EAD-ны 3-сатыда гендерлік белгісі және кредиттік құнсыздану сатылары бойынша бөлуі




RETCAR портфелі бойынша X ұрпағының үлесі әйелдер үшін 45,7%-ды және ерлер үшін 38,6%-ды құрайды, бұл ретте олардың 3-сатыдағы үлесі жалпы берешекке (тисінше 52,4% және 43,4%) тепе-тең. 3-сатыдағы RETCON портфелінде миллениалдар басым: ерлер – 62,9% және әйелдер – 52,4%, бұл аталған портфельдегі миллениал EAD-ның жалпы үлесінен сәл жоғары. Алайда, үш портфель бойынша миллениал қарыз алушылардың кредиттік сапасы басқа ұрпақ қарыз алушыларына қарағанда жоғары.

RETCON

RETCON портфелінің шағын қарыздарының ішінде ерлерге берілген қарыздар үшін ЖТСМ-ның орташа сараланған мәндері әйелдерге берілген қарыздармен салыстырғанда жоғары: мөлшері 100 мың теңгеге дейінгі қарыздар бойынша 5,7 п.т., мөлшері 100-ден 200 мың теңгеге дейінгі қарыздар бойынша 1,8 п.т. жоғары.

Қарыздарды және RETCON портфелінің EAD-сын қарыздардың бастапқы мөлшері және гендерлік белгісі бойынша бөлуі



КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ


RETCON

Неғұрлым ірі қарыздар бойынша әйелдерге берілген және ерлерге берілген қарыздар бойынша ЖТСМ орташа алынған мәндері арасындағы айырмасы 1,2 п.т. құрайтын 1 млн. теңгеден 2 млн. теңгеге дейін мөлшердегі қарыздарды қоспағанда, 1 п.т. аспайды. 2 млн. теңгеге дейін мөлшердегі қарыздардың ішінде әйелдерге берілген қарыздар басым түседі, алайда 2 млн. теңгеден жоғары мөлшердегі неғұрлым ірі қарыздардың ішінде берешектің көп бөлігі ерлерге берілген қарыздардың үлесіне келеді.

RETCAR

RETCAR портфелі бойынша ерлерге берілген қарыздар бойынша орташа алынған ЖТСМ әйелдерге берілген қарыздардан аса ерекшеленбейді: 500 мың теңгеге дейін мөлшердегі қарыздар бойынша 3,3 п.т. төмен, 500 мың теңгеден 1 млн. теңгеге дейін қарыздар бойынша 1,4 п.т. жоғары, 1 млн. теңгеден 2 млн. теңгеге дейін қарыздар бойынша 0,9 п.т. жоғары. 2 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейінгі аралықтағы қарыздар бойынша орташа алынған ЖТСМ әйелдер үшін 1,3 п.т. жоғары, ал 10 млн. теңгеден жоғары ірі қарыздар бойынша 0,7 п.т. жоғары. 2022 жылғы AQR-да ерлерге берілген қарыздар бойынша орташа алынған ЖТСМ барлық аралықтарда әйелдерге берілген қарыздарға қарағанда жоғары болған.

Қарыздардың бастапқы мөлшері мен гендерлік белгісі бойынша RETCAR портфелінің қарыздары мен EAD-ні бөлуі



RETEST


15 млн. теңгеден астам мөлшердегі қарыздар аралығында ерлерге берілген қарыздардың басым болуы байқалады. 15 млн. теңгеден 20 млн. теңгеге дейін қарыздар аралығы бойынша ерлердің қарыздары мен әйелдердің қарыздары арасындағы EAD үлесінің айырмасы 2,9 п.т. құрайды. Орташа алынған ЖТСМ барлық аралықтар бойынша ерлер үшін де, әйелдер үшін де бірдей деуге болады, 50 млн. теңгеден жоғары мөлшердегі қарыздар аралығында ЖТСМ айырмасы 0,7 п.т. құрайды.

ГЕНДЕРЛІК ТАЛДАУ

Бір қарыз алушыға шаққандағы қарыздар санын ерлер мен әйелдер арасында бөлудің талдауы осы аспектідегі олардың мінез-құлқында шамалы айырмашылықтар болуын көрсетеді.

Орташа алғанда, ерлер мен әйелдер екі қарыздан алады, алайда әйелдерде көптеген ұсақ қарыздар ресімдеу беталысы байқалады. Бір ер адам алған қарыздардың ең көп саны 69 қарызды құрайды, бұл өткен жылғы ең көп қарыз алған адамға қарағанда 10 қарызға кем, ал әйелдер арасындағы қарыздардың ең көп саны өзгермеген түрде қалды, және 116 қарызды құрайды.


Гендерлік белгісі мен қарыздар саны бойынша EAD мен қарыз алушыларды бөлуі




RETEST

RETEST портфелі бойынша EAD 5-10 және 10-15 млн. теңге мөлшердегі қарыздар санатының арасында ерлер мен әйелдер арасында салыстырмалы түрде тең бөлінген.

Қарыздардың бастапқы мөлшері мен гендерлік белгісі бойынша RETEST портфелінің қарыздары мен EAD-ні бөлуі



Гендерлік белгісі мен қарыздар саны бөлінісінде қарыз алушылардың EAD орташа мөлшері және 3-сатыда EAD үлесі




КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ

ГЕНДЕРЛІК ТАЛДАУ


Ерлер де, әйелдер де көп жағдайда бір банктен кредит алуды жөн көреді. Мәселен, әйелдер мен ерлер тең үлестері (шамамен 64%) тек бір банктің алдында қарызы бар. Әйелдер мен ерлердің екі банктегі кредиттері бар үлесі шамамен 26%, үш банкте кредиттері алған әйелдер мен ерлердің үлесі шамамен 8%-ды құрайды.

Қарыз алушыларды, олардың кредиттері бар банктердің саны бойынша бөлуі




Миллиналдар ұрпағы бір қарыз алушыға келетін қарыздардың көбірек саны бойынша ең көп ұлғайған қарыз алушылар. Мәселен, миллиналдардың тек 24,9%-ының 1 ғана қарызы бар, 5-тен астам қарызы бар миллиналдардың үлесі 22,4%-ды құрайды, бұл өткен жылдың үлесінен 6,8%-ға артық. Қарыздардың ең аз саны бэби-бумерлер өкілдеріне тиесілі, олардың 50,3%-ының 1 ғана қарызы бар.

Қарыз алушыларды ұрпақтар мен қарыздар саны бойынша бөлуі




Миллиналдардың кредиттер бар банктердің саны бойынша бөлуі X ұрпағына жақын. Мәселен, қарыз алушылардың шамамен 60%-ның тек 1 банкте, ал 9%-ына жуығының үш банктен алған кредиттері бар. Бэби-бумерлер консервативті: 72,1% бэби-бумерлердің тек 1 банктен алған кредиті бар. Z ұрпағы қарыз алушыларының 5,3%-ы бірнеше банктен кредит ала бастады, алайда Z ұрпағы қарыз алушыларының көпшілігінде (94,1%) бір банкте ғана қарызы бар.

Қарыз алушыларды, олардың кредиттері бар банктердің саны бойынша бөлуі




Қарыз алушыларды банктер бөлінісінде гендер белгісі бойынша бөлуі жекелеген банктерде қарыз алушылардың шамамен 2/3-ін ерлер құрағанын көрсетеді.

Банктердің қарыз алушыларын гендер белгісі бойынша бөлуі




Жекелеген банктерде бэби-бумерлер қарыз алушыларының айтарлықтай үлесі бар, бұл ретте жас Z ұрпағының қарыз алушылары санының үлесі барлық банктер бойынша маңызды болып табылмайды.

Банктің қарыз алушыларын ұрпақтар бойынша бөлуі



Қарыздардың үш түрі (ипотека, өзге кепілдік, өзге кепілсіз) арасынан 95,1% әйелдің қарыздың 1 типі бойынша ғана қарызы бар, 4,8% әйелдің қарыздың 2 типі бойынша қарызы бар, 93,5% ерлердің қарыздың 1 типі бойынша қарызы бар, 6,3% ерлердің қарыздың 2 типі бойынша қарызы бар.

Қарыз алушыларды қарыз типтері және гендерлік белгілері бойынша бөлуі




X ұрпағы қарыз алушыларының 6,3%-ының және миллинал-қарыз алушылардың 6,8%-ының қарыздың екі типі бойынша қарызы бар, қарыз алушылардың көбісінде қарыздың бір типі бойынша қарызы бар.

ДЕФОЛТТАР СТАТИСТИКАСЫ

ГЕНДЕРЛІК ТАЛДАУ

Дефлоттар және есептен шығарулар бойынша деректерде ерлер дефолт саны және дефолт кезіндегі берешек көлемі (DEFAULT EAD) және тиісті дисконтталған өтеулер бойынша басым орын алды.


Қарыз алушыларды гендерлік белгісі бойынша бөлуі



Ішкі шеңбер – қарыз алушылардың саны бойынша, орта шеңбер – DEFAULT EAD сомасы бойынша, сыртқы шеңбер – дисконтталған өтеулер сомасы бойынша.


Қарыз алушылардың саны бойынша дефолт статистикасында ерлер мен әйелдер арасындағы айырма 4%-ды құрайды. Қарыз алушы ерлердің DEFAULT EAD орташа мөлшері 545,5 мың теңге, қарыз алушы әйелдер үшін бұл көрсеткіш 438,3 мың теңге құрайды.

Портфельдер мен гендерлік белгісі бойынша DEFAULT EAD және өтеулердің бөлуі



RETEST портфелі үшін ерлердің DEFAULT EAD үлесі (53%) әйелдерден (47%) аз ғана басымдығымен тең.


Портфельдер бойынша гендерлік белгісі бойынша қарыз алушылар, EAD және өтеулердің бөлуі



RETCAR және RETCON портфельдерінде дефлоттар статистикасында гендерлік құрылымда айтарлықтай айырма бар. RETCAR-да ер қарыз алушылар 61%-ын құрайды, оларға DEFAULT EAD 65%-ы тиесілі. RETCON портфелі бойынша дефлоттар статистикасында ерлер DEFAULT EAD (59%) бойынша және қарыз алушылардың саны бойынша (52%) басым. Бұл ретте барлық портфель бойынша дисконтталған өтеулер іс жүзінде DEFAULT EAD үлесіне сәйкес келеді, бұл ерлер мен әйелдер арасындағы төлем тәртібінде айтарлықтай айырмашылықтың жоқтығын білдіреді.


RETEST портфелі бойынша DEFAULT EAD орташа мәні ерлерге қарағанда әйелдер үшін шамалы жоғары. Басқа портфельдер бойынша ерлер орташа алғанда әйелдерге қарағанда жоғары мөлшердегі берешекпен дефлотқа шығады.

Портфельдер бойынша гендерлік белгісі бойынша қарыз алушылар, EAD және өтеулердің бөлуі




RETEST портфелінде дефлот мәртебесінде ұзақ болу жағдайы басым, әсіресе анағұрлым ерте кезеңде дефлотқа алғаш рет шыққан қарыз алушылар арасында басым, бұл әсіресе қарыз алушы әйелдер үшін тән. Осымен қатар қарсыда RETCON портфелі жуық арадағы дефлоттардың үлкен үлеспен айырмашылығы бар, соңғы жылдардағы кепілсіз тұтынушылық қарыздар көлемінің белсенді түрде ұлғаюына байланысты болуы ықтимал.

Қарыз алушылардың сегмент және гендер бойынша дефлотта болу уақыты бойынша бөлуі



Қарыздары алғаш рет дефлотқа шығатын жас ипотекалық және басқа да қарыздар үшін айтарлықтай айырмашылығы бар. Сонымен дефлоттар статистикасында ипотекасы бар қарыз алушылардың шамамен 50%-ы ипотека бойынша 4 жыл төлемнен кейін және 20%-дан астамы – алғашқы жылы дефлотқа алғаш рет жол берген. RETCON портфелі бойынша, керісінше, қарыз алушылардың 50%-дан астамы қарыз алғаннан кейін бірінші жылы дефлотқа жол береді. RETCAR портфелі бойынша бірінші жылы қарыз алушылардың 40%-дан астамы дефлотқа жол береді. Бұл ретте осы көрсеткіш бойынша ерлер мен әйелдер арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды.

Қарыз алушыларды қарыздың басталу күні мен дефлот күні арасындағы уақыт бойынша бөлуі




ДЕФОЛТТАР СТАТИСТИКАСЫ

RETCON портфелінде DEFAULT EAD көрсеткіші 100 мың теңгеден төмен және 200 мыңнан 1 млн. теңгеге дейінгі аралықтағы ұсақ қарыздар бойынша дефолттар барынша жиі кездеседі. Әйелдерге берілген қарыздардың арасында DEFAULT EAD ең үлкен көлемі 500 мыңнан 2 млн. теңгеге дейінгі аралықта, ал қарыз алушы-ерлердің арасында 1 млн. бастап 5 млн. теңгеге дейінгі аралықта шоғырланған. Әйелдердің қарыздары бойынша төлемді дисконттық өтеудің маңызды үлесі 200 мыңнан 1 млн. теңгеге дейінгі аралықтағы қарыздарға сай келеді, ал ерлердің арасындағы төлемді өтеу 500 мыңнан 5 млн. теңгеге дейінгі аралықта бірқалыпты бөлінген. RETCON-ның бүкіл портфелін талдау DEFAULT EAD мөлшері мен орташа өлшенген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме арасындағы өзара кері байланысты көрсетеді.




RETCAR портфелінде көбіне әйелдер қарыздардың аз сомаларымен, басым түрде 3 млн. теңгеден (22%) төмен және 3-тен 4 млн. теңгеге (14%) дейінгі санаттарда дефолтқа шығады. Ерлерде берешек сомасының жартысынан астамы (52%) 5 млн. теңгеден асатын ірі қарыздарда шоғырланған. Екі жыныстың қарыздарының көп бөлігі 3 млн. теңгеден төмен (әйелдерде 69% және ерлерде 72%) санаттарда шоғырланған. Әйелдердің төлемдерді өтеуі көбінесе 3-тен 4 млн. теңгеге дейінгі (26%) аралықта, ал ерлердің төлемдерді өтеуі 3-тен 4 млн. теңгеге дейін (25%) және 5 млн. теңгеден жоғары (21%) санаттарда айтарлықтай бірқалыпты келеді. БТСМ екі жыныс үшін де ұқсас түрде 18%-дан 27%-ға дейін өзгеріп отырады.



RETEST портфелін талдау дефолттар статистикасында әйелдердегі ең үлкен дефолт пайызы 7 млн. астам сомадағы (76%) қарыздар санатында байқалып отырғанын көрсетеді. Ерлердегі дефолттың жоғарғы үлестері де 7 млн. теңгеден асатын санаттарда байқалады. Осы ретте әйелдер 5-6 млн. теңге және 6-7 млн. теңге (әрбір санат бойынша 4%) санаттарындағы дефолттарға жиі тап болады, ал ерлерде бұл көрсеткіш қос санатта да 3%-ды құрайды. Әйелдердегі қарыздардың ең үлкен үлесі 5 млн. теңгеден төмен (52%) санатқа сай келеді, ал ерлердегі ең жоғарғы 5 млн. бастап 7 млн. теңгеге (38%) дейінгі санатқа сай келеді. Екі жыныстың да төлемдерді өтеуінің ең үлесі 7 млн. теңгеден артық санатқа (ерлерде 73% және әйелдерде 72%) сай келеді.

Әртүрлі гендерлік топтар мен санаттар арасындағы БТСМ-дағы ерекшеліктер мардымсыз, бұл мемлекеттік ипотекалық кредит беру бағдарламаларының әсерінің салдары болуы ықтимал.



ДЕФОЛТТАР СТАТИСТИКАСЫ


ҰРПАҚТАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Кепілді қарыздар бойынша дефолттар статистикасында X ұрпақтың қарыз алушылары, кепілсіз қарыздар бойынша – миллениал қарыз алушылар басым, бұл айырмашылық ер адамдардың арасында барынша байқалады.


Дефолттар статистикасында бәби-бумерлердің ең көп үлесі қарыз алушы әйелдер дефолттарының арасында RETCON портфелінде тіркелген.

Кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша дефолтқа шығудың алғашқы жағдайлары Z ұрпағының ер адамдары арасында тіркелген, алайда олардың үлесі әлі елеулі емес.

Портфельдер мен гендерлік белгісіне қарай ұрпақтар бойынша қарыз алушылардың бөлуі




Дефолттағы қарыз алушылардың санын туған жылы бойынша бөлуі




2 жылдан асатын санаттарда дефолтта болу уақыты бойынша ер адамдар арасында миллениалдар ұрпағының басым екенін, ал әйелдер арасында миллениалдар мен X ұрпақ үлесінің шамамен тең екенін атап өтеміз. Бұл ретте, 2 жылға дейінгі санаттарда миллениалдардың басым екені анық.

Қарыз алушыларды дефолтта болу уақыты бойынша бөлуі



Миллениалдардың 22%-ы 2 жылдан аз уақыт дефолтта өткізеді, сондай-ақ миллениалдар 3 жылдан астам дефолттағы қарыз алушылардың аз үлесіне ие.

Дефолтта болу уақытына қарай ұрпақтар бойынша қарыз алушыларды бөлу



ДЕФОЛТҚА ШЫҚҚАН ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӘЙЕЛДІҢ ОРТАША ПОРТРЕТІ:

Жынысы: әйел
 Модальды жасы: 29 жас
 Орташа жасы: 45 жас
 Дефолт өлшемшарты: 90+ /қаржылық жағдайдың нашарлауы
 Өтеулердің орташа саны: 26
 Берешектің орташа мөлшері: 663 395 теңге
 Орташа өтеу: 25 771 теңге
 Кепілдің болуы: жоқ

ДЕФОЛТҚА ШЫҚҚАН ҚАРЫЗ АЛУШЫ ЕР АДАМНЫҢ ОРТАША ПОРТРЕТІ:

Жынысы: ер
 Модальды жасы: 29 лет
 Орташа жасы: 40 лет
 Дефолт өлшемшарты: 90+ /қаржылық жағдайдың нашарлауы
 Өтеулердің орташа саны: 29
 Берешектің орташа мөлшері: 908 075 теңге
 Орташа өтеу: 34 903 теңге
 Кепілдің болуы: жоқ

ҚЫСҚАРТУЛАР

Агенттік	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
АҚ	акционерлік қоғам
ЕДБ	екінші деңгейдегі банк
СЖРА ҰСБ	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
ЖТСМ	жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі
ДК	дара кәсіпкер
ІБ	ірі бизнес
ШБ	шағын бизнес
ҰЭМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ШОБ	шағын және орта бизнес
САБҰ	стрестік активтерді басқару ұйымдары
БТСМ	бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ОБ	орта бизнес
ЖТ	жеке тұлға/жеке тұлғалар
ЗТ	заңды тұлға/заңды тұлғалар
AQR	банктер активтерінің сапасын бағалау (Asset Quality Review)
CCF	кредиттік конверсия коэффициенті (credit conversion factor)
EAD	дефолт жағдайындағы талаптар (exposure at default)
LGD	дефолт жағдайындағы шығындар деңгейі (loss given default)
NPL/NPL 90+	негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (non-performing loan)
п.т.	пайыздық тармақ
млн.	миллион
млрд.	миллиард
трлн.	триллион

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Кейінгі жарияланымдарда есепке алу үшін осы есептің мазмұны бойынша пікірлер мен ұсыныстарды есептің авторларына жіберуді сұраймыз:



Сания Ченваева, CFA

басқарма бастығы, тұрақты AQR жобасының жетекшісі

Saniya.chenvayeva@finreg.kz



Әлима Сатыбалдина, FRM

басқарма бастығының орынбасары

Alima.satybaldina@finreg.kz



Сұлтан Жапаров

Sultan.zhaparov@finreg.kz

Агенттік қызметінің мәселелері бойынша:

Сыртқы коммуникациялар басқармасы

Тел: +7 (727) 237 10 89

E-mail: press@finreg.kz

<https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm?lang=kk>

